

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ
ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**



**1937-1938 жж. Қазақстандағы
жаппай репрессиялау шаралары
және оның салдары: ұлттық
интеллигенцияның қиын тағдыры
құжаттарда.**

Орындаған: Мулдалиев М.Ш.

Қабылдаған: Ермаханова Р.Б.

Жоспар:

- Кіріспе
- I.Репрессияның саяси идеологиялық қайнар көздері мен жүргізілу себептері
- II.Қазақстандағы 1937-1938 жылдардағы репрессия және оның тарихи
 - 1)Қазақстандағы 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін
 - 2)1937-1938 жылдары репрессияға ұшыраған қайраткерлер
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі. Кез-келген өркениетті кемелденген мемлекет өз тарихын қастерлейді, оны ұрпақтардың санасына енгізуге жағдай жасайды. Өйткені тарих халықтың мыңжылдап жинаған тәжірбиесі, асыл қазынасы. Сондықтан Қазақстан ұлттық бірегейлі және біртұтас болу үшін оның жаңа талапқа сай тарихы да болуы шарт. Кеңестік тоталитарлық қоғам тұсындағы ұлт мүддесінің аяқ асты болған тұсарын ақиқатты тұрғыда зерттеп, парасатпен зерделеу тарихшылардың басты парызы. Себебі, тарих ғылымы жарқын болашақтың негізі. Ұрпақ арасындағы білім мен біліктілікке негізделген тарихы сабақтастықты жалғастыру, дамыту арқылы ұлттың рухы биікке түседі. Тарих дегеніміздің өзі бір ұрпақтың жасаған құндылығының екінші ұрпаққа ауысуы. Кеңестік қоғам тұсындағы қазақ тарихының қайғысы мол, қасіреті ауыр парақтың жеткілікті. Қазақ елінің заңғар ойшылы Әбіш Кекілбаев айтқандай адам да қоғам да ешқашан өз тағдырына өзі енжар қарап көрген емес, сондай ақ халықта өз тағдырына өзі еш уақытта немқұрайлы қарай алмаған. Небір ғасырлар өтсе де соның тұла бойында болған тұлғалар мен тарихи құблыстардың ел санасында мәңгілік сақталуының сыры да осында жатса керек.

Репрессияның саяси идеологиялық қайнар көздері мен жүргізілу себептері

Қазақстандағы тұңғыш репрессия 1928 жылдан басталды. Өйткені 1925 ж. Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1 – хатшысы болып келген Ф.И.Голощекин республиканың саяси-экономикалық және әлеуметтік жағдайымен танысқаннан кейін «Қазақстанға Ұлы Қазан революциясының ешқандай ықпалы болмады, сондықтан мұнда «Кіші Қазан» революциясын жасау керек» деген теріс қорытындыға келіп, республикада репрессиялық шаралар жүргізе бастайды. Ол ең алдымен ескі зиялыларға ауыз салады. Солардың ішінде қазақстандық Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков т.б. болды.

Қазақстандағы 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін

Қуғын-сүргінді ұйымдастыру кезеңі 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың ортасы болды. Социалистік қоғамды нығайту барысында Сталиннің тап күресін күшейту туралы тұжырымы репрессиялық, яғни қуғын-сүргін бағдарламасының негізіне айналып, «халық жауларын» әшкерелеумен айқындалды. «Партия мен халыққа жат элементтер» ең алдымен партияның өз арасынан және өзгеше ойы бар зиялылар қатарынан іздестірілді. 1936 жылы КСРО конституциясы қабылданды. Бұл конституция әміршіл-әкімшіл жүйені нығайтты. Елде тоталитарлық жүйе, казармалық социализм орнады. Жеке адамның құқығы аяққа басылып, балама пікір айтқан адам «халық жауы» қатарына жатқызылып жазаланды. Ең алдымен жазаға ұлттық демократиялық зиялылар, Алаш қозғалысының қайраткерлері, қазақ елінің біртуар ұлдары тағы басқалар ұшырады. Жеке адамға табынған тоталитарлық жүйе кесірінен 101 мың қазақстандық ГУЛАГ-қа жабылып, 27 мыңнан астамы атылды. «Халық жауларының» 40 мыңы кейін ақталды. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін «31 мамыр — Ұлттық аза күні» болып белгіленді. Жыл сайын 31 мамыр жазықсыз жазаланғандарды еске алу күні деп атап өтуде.



1937-1938 жылдары репрессияға ұшыраған қайраткерлер

1930 жылға қарай елдің барлық жерінде социалистік қатынастар орнады. Жер фабрика, заводтар, ұжымшарлар мен кеңшарлар мемлекет меншігіне өтті. Өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік орнықты. Елде 1936 жылдың 5 желтоқсанынада Кеңестердің Жалпыодақтық ҮІ төтенше съезінде жаңа сталиндік Конституция қабылдады. Ол бойынша КСРО – да бюрократиялық орталықтандыру орнықты. Социализм тоталитарлық казармалық сипат алды. Елде сталиндік саясат жүзеге асты. Жазалау органдарының қызметі күшейтілді. Осылайша жеке адам құқығы аяққа басылып, пікір айтқан, ұсыныс жасаған адам «халық жауы» қатарына жатқызылып жазаланды. Сталиндік қуғын-сүргін «геноцид саясаты» осылай басталды. Қазақстандағы екінші репрессия 1937-1938 жылдары жүргізілді. Себебі бұл жылдары бүкіл елімізде, әсіресе Мәскеу мен Ленинградта жаппай жазалау шаралары басталған еді. Соның ызғары Қазақстанғы Қарағанды қаласына да келіп жетті. Өйткені Қарағанды еліміздегі үшінші көмір ошағы аталды. Мұнда көптеген партия, мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі ғалымдар мен ақын- жазушылар жұмыс істеді





Ахмет Байтұрсынов. Оның тағдыр – қиын, бірақ кісі қызығарлық тағдыр. Ғұмыры ащы арманға толы, алайда адамға өнеге боларлық ғұмыр. Мақсат-мұратының мазмұны, кей тұста қайшылықтарға соқтырды десек те, өте терең. 1929 ж. қамауға алынған қазақ зиялыларының ішінде «рухани көсем» А. Байтұрсынов та бар. 1937 ж. 9 қазанда сталиндік репрессияның қанды пышағына ілігед



Тұрар Рысқұлов – адам ретінде де, қоғам және саяси қайраткер ретінде де ерте есейіп, есімі жиырма жастан асар-аспас кезінде жұрт аузына ілініп, халыққа танымал болды. Ол Сталиндік-Голощекиндік «Кіші Қазан» бағытын жүзеге асыру нәтижесінде жаппай ашаршылыққа ұшыраған өз халқына ара түсіп шырылдады. Сталинге хаттар жазды. «Ұлы көсеммен» сөзге келіп, айтысқа түсті, оның диктаторлық ел билеу тәртібіне қарсы шықты. Нәтижесінде 1937-1938 жылдары бүкіл ел көлемінде орын алған үлкен террордың құрбаны болып кете барды.



Мағжан Жұмабаев – табиғат
жаршысы,
махаббат жыршысы. Оның
бұл
тақырыптардағы өлеңдерінің
де негізгі
тақырыбы тәуелсіздік. Ел
тәуелсіздігінің
жыршысы Мағжан ақынның
өзі де 1937 жылы
30 желтоқсанда өз
тәуелсіздігінен айрылып,
қызыл қырғынның
кұрбандығына айналды.



Міржақып Дулатов – «Оян, қазақ!» бұл сөздің күдіреті де қасиеті де сол – осы отты өлеңнің жарық көргеніне ғасырдан астам уақыт өтсе де, сол қаныш тамшылаған өзекті күйінде қалып отырғандығы – бүгінде қазақ байтағын індеттей жайлаған бойкүйездік, самарқаулық, жалқаулық, еріншектік – қысқасы ұЛТЫМЫЗДЫ ұЛЫҚ істерден кері тартып отырған барша кесапаттарды тап басып айта білген, содан арылуға үндейді, намысқа шақырады. 1938 жылы қайтадан қамауға алынып, ату жазасына кесілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

- Өз ұлтын сүйетін, ұлтының болашағы үшін өткен тарихтан сабақ алар тұстар көп екенін білетін ұрпақ өз тарихын қалыптастырған өр тұлғаларды ешқашан ұмытпас. Статистикалық мәліметтерге көз жүгіртсек ашаршылық жалмаған жылдары 2,3 млн.дай, бірнеше рет қайталанған қуғын сүргінге ұшыраған 125 мыңдай қазақтың жартысына жуығының қаны қара жерге сіңген екен. Оның сыртында жаппай жала жабу, кәмпескелеу мен ұжымдастыру сияқты ұлтымызға қарсы бағытталған алапат апатты жылдары туған даласының топырағынан тірідей айырылып, жер бетіне тарыдай шашырап, тоз – тоз болып кеткен сан мыңдаған қазақты қосыңыз. Бұл ұлтымыздың тарихы. Әрбір қазақтың баласы осы қайғы-қасіретті ұмытпауы парыз. Өйткені бұл күн – Алаш азаматтарының азалы күні!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Қозыбаев М.А. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алматы 1992, 272 б.
- Нақымжанұлы Ә.Б. қыңырлатқан партия жолына. Алматы: Еңбекші қазақ, 1999, 245 б.
- Махат Д. А. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде «оңшылдық» және ұлтшылдыққа айыптау: тарихы және салдары
- Нүрпейісов К. Б. Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек 1995, 256 б.
- Қойгелдиов М. Алаш қозғалысы. Алматы: Санат 1995